

Қорыта айтқанда, жоғарыда көрсетілген мақалаларға сүйене отырып, Ә. Бөкейхан тек қана ХХ ғасыр басындағы саяси өмірге қатысып қана қоймай, сонымен қатар ағарту мәселесіне де көп көңіл бөлгендігін оның шығарған оқулықтарынан, баспасөз беттерінде жариялаған мақалаларында көтерген проблемалардан көруге болады. Әлихан Нұрмұхамедұлының ағартушылықты дамытуға үлкен үлес қосты деп айтуға толық негіз бар деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. «Жаңа мектепті» шығару неге керек болды?//Жаңа мектеп.-1925.-1-6 бб.
2. бұл да сонда
3. Бөкейханов Ә. Қазақстандағы жалпы міндетті оқу жүргізу мәселесі// Жаңа мектеп-1929.-10. -18-21- б.
4. бұл да сонда
5. Бөкейханов Ә. Алдымен мектеп керек// Еңбекші қазақ-№3.
6. бұл да сонда
7. Бөкейханов Ә. Кеңес мектебінің негізі// Еңбекші қазақ.- 1927. - №10.
8. Бөкейханов Ә. Қазақстанда университет ашу мәселесі// Еңбекші қазақ- 1929. - №10.
9. бұл да сонда
10. Бейсенбекова Н.А., Сақтағанова З.Ғ., Шотбақова Л.Қ. және т.б. Сарыарқаның ұлы азаматтары (ХХ ғасырдың басы). – Қарағанды, 2008- 438б

Алтайдан Анадолыға көшкен елдің тарихи мәселелері

Серікқызы М. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың физика - техникалық факультеті
meuirlgul.kusayinova@mail.ru

Кентбек С.Қ. т.ғ.к., Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының доценті
kentbek59@mail.ru

«Адамзат тарихы Алтайдан басталды» деген аталы сөз бар. Сол асқар Алтайда, көрікті Алтайда, қос ағаш дейтін жерді білмейтін жан кемде - кем. Кезіндегі қызыл саясаттың кесірінен қасиетті өлке атадан қалған асыл жер шет елге, жат жұртқа алпауыт елдер арасында пышық үстінен үлестірілгендей кесіліп кете барған. Тұтас қара жерінің бөлініп қалған пұшпағын ойлағанда, талайлы тағдырлармен қиямет қасіретін еске түсіргенде дүйім жұрт күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалатыны сондықтан. Құйқалы өмірді бабасының мұрасындай жатқа қимаған, кезінде дүркіреп мемлекет құрған найман ұлысы одан шығып ну ормандай қалың елге айналған Қаракерей-Қаратай, кейінгі Сарғалдақ, Дәулет, Шоңмұрын, Қожанбет. Самай, Ақнайман, т.б. рулардың ғасырлар бойы жалғасқан қилы тарихы Алтай жерінде біршама жалғасқан. Атамекеннен жырақ қалып, қиыр қонып, шет жайлаған елдің ХІХ ғ соңымен ХХ ғ басында көрген қиындығы заманы тудырған құбылыстар, қоғамдық жүйесінің өзгеруін қазақтардың қалай қарсы алғаны, Шүй жеріне орналасқан елдердің қарым-қатынасын қарастырмыз.

Халқымыздың тарихында қилы-қилы замандар өтті. Соның бірі - ХХ ғасырдың 40-жылдары Қытайдағы қазақтардың жер-суын тастап, белгісіз бағытқа үдере көшуі болды. Осы қатерлі де азапты көш туралы бүгінде бірнеше кітап жазылды. Осы сыр-шежіреленің ішінде шоқтығы биік көрінетіні- Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған елі». Халифа Алтай мұсылман әлемінде ерекше орны бар деп білеміз. Ол дін табиғатын терең білетін ғалым ғана емес, мұсылманшылдықтың мойымас жаршысы. «Алтайдан ауған ел» - мыңдаған бауырларымыздың басынан өткен қилы күндерінің қаламмен емес, қанмен жазылған

шежіресі. Бұл кітап кезінде «Алтайдан Анодолыға дейін» деген атпен түрікше де, қазақша да жарық көрген. Тіпті түрікше екі рет шыққын. Бірақ, жаңа басылымының өткендегілерге қарағанда айырмашылығы көп. Автор осы жолы қолжазбасын түгелдей қарап, көптеген жаңа деректер қосқан. Оның ішінде Түркияға қонысанып алған соң шетелдерді аралаған сапарлары жайындағы жазбалары өз алдына бір төбе. Әсіресе, атажұртқы - Қазақстанға көшіп келіп, қуанышқа кенелген күндердің әсері оданда айрықша. Бұл - түптеп келгенде өткендегі азапты жолдан өткен бауырларымыздың «Отан - отанда ыстық!» дейтін ұлағатты қағиданың мәнін терең ұққан күндердің ерекше белгісі.[1, 14 б.]

XIX ғасырдың соңғы кезінде Алтай, Тарбағатай аймақтарының қазақтары бытырып, Құмыл, Баркөл, Мори жаққа қоныс аудара бастайды. Бұның бірнеше себептері болады: халық өкіметке шамадан тыс, өте көп алым-салық төлеп, әл-ауқаты барған сайын төмендейді. Екіншіден, Алтай, Тарбағатай билеушілерінің әділетсіз биліктері мен олардың шаш ал десе, бас алатын жандайшап, атарман-шабармандарының оспадыр іс-әрекеттері де қалаң қауымның жүйкесін тоздырды. Осы секілді себептер түрткі болды, тыныш тіршілікті арман еткен халық басқа жақтарға ауыл-ауыл болып көшіп кетіп жатты. Мұның үстінде 1932-1933 жылдары табиғат та тентек мінез танытып, қалың қар, қатты суықтан көктемде «Егіз тауық» деп аталатын жұт болды. Мал қырылып, халық ашаршылыққа ұшырады. Міне, 1933 жылғы әрі үлкен жұт, әрі жаугершіліктің салдарынан Алтай, Шіңгілдің халқы ауыр зардап шегеді. Сондықтан да, көптеген ауылдар Алтайды тастап Құмыл аймағы, Баркөл ауылдарына қоныс аударады. Қайсібір жерұйық күтіп тұр дейсіз. Мекен жерінде, ер елінде көгермеуші ме еді. Іштей қан жылап тұрса да, сыр сезімдерін сыртқа шығармай булыққын ер азаматтардың қабағы қатыңқы. «Өлім де болса, тезі игі» дей ме екен, әйтеуір жылдам қимылдап ширьға түсендей. Артта кіндік кесіп, кір жуған қасиетті туған жер қалып барады. Алыстаған сайын аспанды тіреп, өркештене кесек те кербез, бүтін бітімді тұлғаланып, көрінген Алтай тауы « Бізді ұмытпаңдар!» деп қол бұлғайтындай. Қайран атамекен, көзден кетіп, көңілден өшер ме екенсің? Дүниеде өзіңнің елің мен жерің өзіне пана болмаудан артқан қорлық бар ма екен?! Ұзақ жылдар бойы бір көруді арман еткен атажұрт - Алтай артта осылай қалған еді.[2, 138 б.]

«1999 жылы Ыстанбұлда жарайыланған естілігімде» - деп басталатын: «...Елім-айлап өткен өмір» -Хасан Оралтай атамыздың естелігінің аты. Естігендері мен көргендері және істегендерің есте қалған жиынтығы. Өмірінің алпыстан асып жетпіске таяған кезінде қағаз бетіне түсіргендері. Оқып отырып байқағаным басқаларына ұнап -ұнамайтындығына қарамастан, есте қалғандарын болғандай күйінде жазған. Бұл көркем әдебиет түріндегі бір еңбек еме. Елу жылдан бері шет елдерде өмір сүріп бір қазақтың қиырда жүріп жазып, сыртта бастырған ғұмырнамасы...» - дер қысқаша таныстырғым келеді.[3, 216 б.]

1993 жылы дүниеге келген, 1945 жылдың көктемінен кейінгі өмірі «Әне жау келіп қалды!» деген ылғи үрку-қашумен басталып, 1947 жылы советтік сұғанақтық шабуылдардың салдарынан ата қоныс Қызыл өзеннен шығысқа қарай қашқан. (Шығыс Түркістанның Еренқабырға тауының бөктерінен), 1949 жылдың аяғында да Сталин мен Мао Зедұң басқарған орыс-қытай коммунизмі зұлымынан жан сауғалап, туған елі Шығыс Түркістаннан шет елдерге босқан, Такламакан шөлінен өтіп Гималай тауларынан асқан, жолда жеті рет Қытай әскерлерінің шабуылына душарласып, ішерге ас, киерге киімі және жатар орна жоқ қанғыған бишара халық ретінде, бірауыз тілін білмейтін мүлдем жат ел, - Кәшмір - Үндістанға 1951 жылдың аяғында барып паналаған. 1954 жылдың жазында да Түркияға жетіп, жанбағу үшін мүлдем жаңа өмір-салтына орай арпалысқан қазақтарды сонда бастап барған Қалибек Хәкімнің ұлы ретінде мен талайды көрдім, - деп баяндайды. Әкем Қалибек Райымбекұлы Хәкімнің Салихлы қаласының орталық мазарлығындағы қабыр басындағы құлыптасында ата-тегіміз былай түсіндірілген: Түрік – Қазақ – Орта Жүз – Байлау – Керей – Жәнтекей – Сүйінбай – Сәмебет – Есентай – Барқы – Бөгенбай – Қаташ – Шөті – Қожалық – Райымбек – Қалибек Райымбекұлы Хәкім. Әкемнің құлыптасында, сондай-ақ менің

еңбектерімде ерекше көрсетілгендей, біз – Шығыс Түркістан қазақтарымыз. Яғни байырғы ұлы Түркістан өлкесіндегі түрік тектес, түрік тілдес туысқан халықтардың бір тұтас атамекені үлкен Түркіелінің шығыс жағындағы, қазірге Қытай Халық Республикасы құрамындағы, 1860 жылы Пекинде басталып, 1881 жылы Петербургта жалғасып, 1884 жылы Шәуешек қаласында келісілген, тарихи әдебиетте «Шәуешек Келісімі» деп аталатын орыс-қытай бөлісуінен бері «Шыңжаң – Xinjiang жаңа өлке» делініп аталып келе жатқан өңірдің тұрғындарымыз. Тарихшылардың, әсіресе, сол Шығыс Түркістан қазақтарынан шыққан тарихшылардың анықтауынша, ҚХР құрамында Шығыс Түркістанның Алтай, Тарбағатай, Іле – Құлжа, Тәңіртауы (Тяньшань) өңірі ежелден бері қазақ халқының атақонысы болғаны даусыз. Біздің бабамыз алғашында Алтай жақты мекендеп, кейін 1870 жылдар шамасында Тарбағатайға қоныс аударған. Арғы аталарымыздан (төртінші атамыз) Хаташтың Ертіс өзені бойында өмір сүрген кезінде істеген кей істері «шарапатты кісі екен» делініп аңызға айналдырылған, қариялар әлі де «үлкендер айтушы еді» деп әңгіме қылатын еларасындағы деректерден алады. [4, 315 б.]

XIX ғ соңында болған қарапайым қазақтың басына түскен сол бір туған жерден айырылу, бұл үлкен қасырет еді. Туған жерден, ағайыннан алысқа кету оңай болмаған ғой, әйелдер жылап, зар илеп жырға қосса, ерлер тістеніп, қайраттарына сүйеніп, « құдай салды, біз көндік» деп үмітпен алға жылжи берген екен. Сол заманның қайғы-қасіретінің елесі мынау:

Тағдырдың тауқыматын тартқан елім,
Аз жүгін ала өгізге артқан елім.
Шалқыған Шабанбайын артқа тастап,
Кеттікқой бөтен жерге телім-телім.
Шабанбай қайта дәмін татамыз ба?
Сыйындық әруақты айтып атамызға.
Топырақ туған жерден бұйырмаса,
Томпайып бөтен жерде жатамызда.
Біз сөйтіп жылай-жылай кетеміз-ау,
Дәм тартқан бөтен жерге жетеміз-ау.
Жыр қылып артта қалған туған жерді,
Зар жылап бұл дүниеден өтеміз-ау.

Ең бастысы XX ғасырдың орта шеніндегі бұл көш жолымен басқа ешбір көш жүріп өтпеген десе артық айтқан болмас. Екінші маңыздылығы, сол ұзын да машақатты, қызыл табан шұбырынды жауға шабылып, жабағыға сүрініп, бірге болып, бірге жүрген, көз көрген естелік болғандығы үшін. 1940 жылы Шыңхай өлкесінен ауа басып шыққан бес мың кісіден қырыла-қырыла бестен бірі тірі қалғандығы, Гансу, Шыңхай өлкесінде қалған он үш мың кісіден кейін алынған мәлімет бойынша бес мыңдай адамнан қайтып Шыңжаңға барғандығы байқалады. Демек, Шыңжаңнан босқан он сегіз мың адамнан он екі мың адам қырғынға ұшырап, жоқ болады. Бұл бастан кешкен тауқыметтен арманға жетіп, кейбір бала-шағаларымен оралман болып, өз Отаны Қазақстанға ат басын тіреу бақытына ие болған әрбір қазақ көз жастарын тыя отырып қуаныша бөленгені.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халифа А. Алтайдан ауған ел. – Алматы, 2014. – 270 б.
2. Хасан О. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы, 1999. – 476 б.
3. Мұхтасыров П. Бәйтеріктің оқшау шыққан бұтағы. - Алматы, 2013. – 256 б.
4. Dogu Turkistan Hatiralari, ANAYURT Dergisi., Frankfurt, 1984 [журналдың үш санында]